

## Карантинді тоқтатудың кейбір мәселелері туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 10 қарашадағы № 397 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 11 қарашада № 9545 болып тіркелді "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 7-1/86 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10414 болып тіркелген) бекітілген Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларының 8-тармағына сәйкес, Қостанай облысының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 26 қазандағы № 01-08/2466 , 2020 жылғы 2 қарашадағы № 01-08/2535, 2020 жылғы 6 қарашадағы № 01-08/2612 ұсыныстары негізінде Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысының келесі:

- 1) Алтынсарин ауданы Большая Чураковка ауылдық округінің Приозерный ауылы;
- 2) Қарабалық ауданы Михайлов ауылдық округінің Михайлов ауылы;
- 3) Мендіқара ауданы Краснопреснен ауылдық округінің Красная Пресня ауылы;
- 4) Мендіқара ауданы Первомай ауылдық округінің Лесное ауылы;
- 5) Сарыкөл ауданы Маяк ауылы;
- 6) Сарыкөл ауданы Тағыл ауылдық округінің Тағыл ауылы;
- 7) Ұзынкөл ауданы Федоров ауылдық округінің Сокол ауылы елді мекендерінде жұқпалы құс тұмауы ауруының пайда болуына байланысты белгіленген карантин тоқтатылсын.

2. Қостанай облысы әкімдігінің "Карантинді белгілеу туралы" 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 328 қаулысы қосымшасының реттік нөмірлері 1, 3, 4, 5, 6-жолдарының (2020 жылғы 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9466 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК